

Ж.Қ. Түймебаев , А.У. Дәулет* 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: aigul.ualbaikyzy@gmail.com

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БАСПАНА АТАУЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК САНАДАҒЫ КӨРІНІСІ

Адамзаттың жер бетінде пайда болған сәтінен бастап қазіргі таңға дейін өмір салтының бір бөлігі болып келе жатқан баспана ешуақытта өз өзектілігін жоғалтпасы хақ. Бұл мақалада баспана атауларының семантикасы мен мәдени маңызы қарастырылған. Адамзаттың өмір салтының маңызды бөлігі болып табылатын баспана тек тұрғын үй ғана емес, сонымен қатар қоғамның мәдениеті мен әлеуметтік құрылымының айқын көрінісі ретінде қарастырылған. Мақаламызда ертеден келе жатқан баспана атаулары мен заманауи баспана атауларына байланысты тілдік бірліктер жинақталды. Зерттеуде қазақ тіліндегі баспана атауларының тарихи және заманауи өзгерістері, сондай-ақ олардың тілдік санадағы көрінісі зерттелді. Ерте замандардан қазіргі уақытқа дейін баспана атауларының өзгеру үрдісі, қала мен ауыл мәдениеті арасындағы айырмашылықтар талданған. Қала және ауыл мәдениетіндегі баспана атаулары жеке топтарға бөлініп, әрбір топтың өзіндік ерекшеліктері анықталды. Сонымен қатар, қазақ және қазақ тілді респонденттер арасында сауалнама жүргізіліп, ассоциативті талдау әдісі қолданылды. Зерттеу нәтижесінде баспана атауларының қазіргі таңда жаңа пішіндер мен құрылымдарға ие болғаны, бірақ олардың негізгі функцияларының өзгермегені белгілі болды. Көнерген сөздер мен жаңа заманауи баспана атауларының қалыптасуы да зерттеліп, олардың тілдік санада орныққандығы көрсетілді.

Баспана тек сәулет өнері ретінде ғана емес, қазақ қоғамында отбасы мен тұрмысқа қатысты аса маңызды түсінікке айналғанын анықтадық. Кейбір баспана атаулары қазіргі тілде қолданылмай, көнерген сөздер қатарына қосылған. Сонымен қатар, заманауи талаптарға сәйкес пайда болған жаңа баспана атауларының санамызда орнығуы талданды. Мысалы, пентхаус, вила, коттедж сияқты жаңа терминдер адамдардың зәулім, әсем үйлер, үлкен отбасы мен байлық ұғымдарымен байланысып, олардың санасында айқын бейнелер қалыптастырды. Өркениеттің өзгеруіне байланысты баспана атаулары жүйеленіп, бұл үрдісті түсіндіру үшін мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер келтірілді.

Түйін сөздер: ұғым, «баспана» атаулары, ассоциативті эксперимент, семантика, ұлттық таңым, әлеуметтік құндылықтар.

Zh.K. Tuimebayev, A.U. Daulet*

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: aigul.ualbaikyzy@gmail.com

Reflection of housing names in kazakh language in the linguistic consciousness

Since the emergence of humanity on Earth, housing has always been an integral part of human life and will never lose its relevance. This article examines the semantics and cultural significance of housing terminology. Housing is always considered as a reflection of the culture and social structure of society. The article compiles linguistic units related to both ancient and modern housing terms. It explores the historical and contemporary changes in housing names in the Kazakh language, as well as their representation in linguistic consciousness. The process of changing housing terms from ancient times to the present day is analyzed, along with the differences between urban and rural cultures. Housing terms in urban and rural cultures are categorized into separate groups, and the distinct features are identified. In addition, a survey was conducted among Kazakh and Kazakh-speaking respondents, and an associative analysis method was applied. The study results show that although housing names have acquired new forms and structures, their core functions remain unchanged. The study also examined outdated terms that have fallen out of use, as well as new modern housing terms that have become established in linguistic consciousness. Housing is not only an architectural art form but also a significant concept in Kazakh society, closely associated with family and daily life. Some housing terms are no longer used in the modern language and have become archaic. At the same time, the establishment of new housing terms, in line with contemporary demands was analyzed. For example, terms like penthouse, villa, and cottage are now associated with large, beautiful homes, forming clear images in people's minds. In

connection with changes in civilization were systematized, and proverbs and idioms were provided to explain this process.

Keywords: concept, «housing» terms, associative experiment, semantics, national consciousness, social values.

Ж.К. Түймебаев, А.Ү. Дәулет*

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: aigul.ualibaikyzy@gmail.com

Отражение наименований жилья на казахском языке в языковом сознании

С момента появления человечества на Земле и до настоящего времени жилище является неотъемлемой частью образа жизни, и оно, несомненно, не утратит своей актуальности. В данной статье рассматриваются семантика и культурное значение названий жилищ. Жилище, являющееся важной частью образа жизни человечества, рассматривается не только как место для проживания, но и как явное отражение культуры и социальной структуры общества. В статье собраны языковые единицы, относящиеся как к древним, так и к современным наименованиям жилищ. Исследуются исторические и современные изменения в названиях жилищ на казахском языке, а также их отражение в языковом сознании. Рассматривается процесс изменения названий жилищ с древних времен до настоящего времени, а также различия между городской и сельской культурами. Названия жилищ в городской и сельской культуре были разделены на отдельные группы, и для каждой группы определены свои особенности. Также был проведен опрос среди казахских и казахскоязычных респондентов, использован метод ассоциативного анализа. Результаты исследования показали, что, несмотря на то что наименования жилищ приобрели новые формы и конструкции, их основные функции не изменились. Также были исследованы архаизмы, которые вышли из употребления, и новые современные названия жилищ, ставшие частью языкового сознания.

Жилище является не только архитектурным искусством, но и важным понятием в казахском обществе, связанным с семьей и бытом. Некоторые наименования жилищ в современном языке перестали употребляться и стали архаизмами. Одновременно было проанализировано, как новые названия жилищ, соответствующие современным требованиям, закрепляются в нашем сознании. Например, такие термины, как пентхаус, вила, коттедж, стали ассоциироваться с большими, красивыми домами, большим семейством и богатством, образуя четкие образы в сознании людей. В связи с изменениями в цивилизации, названия жилищ были систематизированы, и для объяснения этого процесса приведены пословицы и фразеологизмы.

Ключевые слова: концепт, названия «жилья», ассоциативный эксперимент, семантика, национальное сознание, социальные ценности.

Кіріспе

Баспана – адамзаттың жер бетінде пайда болып, қорғаныш іздеген уағымен қатар өмір сүріп келе жатқан ажырамас ұғым. Алғашында апан, үңгір сияқты табиғат құбылыстарының дайын күйіндегі, еш өзгеріссіз түрлерін яғни, табиғи баспаналарды мекен еткен адамдардың бүгінгі баспаналарының түрі де, формасы да, құрылымы мен материалы да түрліше өзгеріске ұшырап, оған қатысты атаулар мен ұғымдар да уақыт өте келе жаңарып, трансформацияланып отырады. Бұл процесс тілдік санадағы баспана атауларының эволюциясын айқындайды және мәдени өзгерістер мен қоғамның әлеуметтік құрылымын танытады. Дәл осындай өзгерістердің лингвистикалық зерттеу нысаны болуы бүгінгі ұрпақтың тамыры мен тегінің арасындағы сабақтастықты өрбітетін үлкен көпір іспеттес. Баспана түрлері-

нің өзгергендігі адамзаттың тұрмыс-салтының, танымының, өмірлік ұстанымының, әлемді тануының, мекенінің өзгергендігімен қатар бүкіл бір халықтың өзіне ғана тән ұлттық болмысы мен ұлттық кодының даму динамикасын көрсетеді. Бұл мақалада баспана атауларының семантикасы мен мәдени маңызына арнайы зерттеу жүргізілген. Ассоциативті эксперименттер мен сауалнамалар арқылы қазақ тіліндегі баспана ұғымы мен атауларының қазіргі таңдағы көрінісі, сондай-ақ олардың тарихи даму барысы қарастырылған. Зерттеудің мақсаты – баспана атауларының тілдік санадағы өзгерістерін, мәдени-әлеуметтік аспектілерін және қоғамның өмір салтына сәйкес келетін жаңа баспана түрлерінің қалыптасуын талдау.

Баспана атауларының тарихи және заманауи өзгерістері, оның тілдік санадағы бейнелері мен ассоциациялары біздің қоғамның мәдениеті мен

тұрмыс деңгейін көрсетеді. Қазақ тілінде қолданылатын кейбір баспана атауларының көнеруі және жаңа заман талаптарына сай пайда болған терминдердің қалыптасуы қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуымен тікелей байланысты. Бұл зерттеу арқылы біз баспана ұғымының тілдік және мәдени өзгерістерін тереңірек түсініп, оның қоғам өміріндегі орны мен маңызын ашуға тырыстық.

Зерттеу барысында ассоциативті әдіс қолданылып, қазақ тілінде баспана атаулары мен олармен байланысты эмоциялар, ұғымдар мен бейнелер анықталды. Әртүрлі жас және әлеуметтік топтарға сауалнама жүргізу арқылы баспана атауларының әлеуметтік, мәдени және тілдік құрылымдары талданды.

Нәтижелер көрсеткендей, қазіргі баспана атауларының көпшілігі зәулім үйлер, жайлы пәтерлер және коттеждер сияқты жаңа құрылыс түрлерімен байланысты болып, адамдардың әлеуметтік мәртебесі мен табысына қатысты ассоциацияларды білдіреді. Сонымен қатар, баспана ұғымы тек материалдық қана емес, эмоционалдық және мәдени мағынаға да ие. Зерттеу барысында респонденттер баспананы көбінесе отбасы, қорғаныш, жылулық және үйлесімділікпен байланыстырғанын көрдік.

Әсіресе, ер адамдар баспана сатып алу немесе соғу қажет деп санайды, бұл оларға әлеуметтік мәртебесін нығайту, отбасы мен жақындарын қауіпсіз және жайлы жағдайда ұстап тұру мүмкіндігін береді. Бұл түсінік баспананың қорғаныштық рөлін көрсетеді. Әйел адамдар арасында баспана көбінесе отбасы, балалар мен жылулықтың символы ретінде көрінеді. Олар үйді жайлылық пен өзара түсіністік, махаббат пен бейбітшілік алаңы ретінде бағамдайды. Бұл айырмашылықтар ерлер мен әйелдердің баспананың мәнін әртүрлі түсінуінен туындайды, бірақ екі топ та баспана ұғымын өмір сүру сапасы, қауіпсіздік пен бақытпен байланыстырады.

Талдау нәтижесі көрсеткендей, баспана ұғымы тек физикалық қауіпсіздікті ғана емес, сонымен қатар эмоционалдық тыныштық пен жылы отбасылық ортаны да қамтиды. Осылайша, баспана адам өміріндегі көпқырлы құндылықтарды біріктіретін басты элементке айналған.

Материал және әдістер

Қазақ тіліндегі «баспана» атауларының семантикасы мен мәдени мағынасын зерттеу мақсатында бірнеше әдіс қолданылды. Алдымен,

«баспана» атауларына қатысты тілдік бірліктер жинақталды, сұрыпталды және ассоциативті талдау жасалды. Бұл талдау қазақ тіліндегі осы лексикалық бірліктердің көпқырлы мәнін, сонымен қатар олардың мәдени контекстегі ерекшеліктерін ашуға бағытталды.

Зерттеу барысында «баспана» терминологиясына қатысты тілдік бірліктерді жинау үшін Қазақ тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігі қолданылды. Бұл сөздік қазақ тіліндегі сөздердің мағынасы мен қолданылу аясын толық ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, баспана тақырыбына қатысты жазылған ғылыми еңбектер мен мақалалар зерттеліп, қосымша мәліметтер мен түсініктемелер алынған. Осы материалдардың негізінде баспана атауларының семантикалық құрылымы мен мәдени мәні жан-жақты талданып, олардың тілдегі орны мен рөлі анықталды.

Ассоциативті талдау әдісі арқылы тілдік бірліктердің қоғамдағы, мәдениеттегі, сондай-ақ тұрмыстағы қолданылу ерекшеліктері сарапталды. Бұл әдіс қазақ тіліндегі «баспана» атауларының астарлы мағынасын, халықтың тұрмыстық және әлеуметтік жағдайларымен байланысын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Әдебиеттерге шолу

Тіл мен мәдениет арасындағы байланыс мәселесі тіл білімінде, әсіресе, семантика, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану және мәдениетаралық коммуникация салаларында кеңінен қарастырылған. Тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар мәдениетті, дүниетанымды, халықтың тарихы мен дәстүрін сақтау мен жеткізу тетігі екендігі туралы түсінік бүгінде көптеген зерттеулердің негізі болып табылады. Бұл тақырыпқа қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері тілдің мәдениетпен, тарихпен, және әлеуметтік өмірмен байланысын түсінуімізге мүмкіндік береді.

Тіл философиясының негізін қалаған ғалымдардың бірі В.Ф. Гумбольдт (1985) тіл мен ойлаудың тығыз байланысты екенін және әр тіл өздігінше бірегей әлемнің бейнесін қалыптастыратынын атап өтеді. Ол тілдің құрылымындағы ерекшеліктер әр ұлттың дүниені қабылдау тәсіліне тікелей әсер етеді деп санайды. Бұл пікір қазіргі когнитивті лингвистика мен лингвомәдениеттанудың дамуына әсер етті. Мысалы, Ю.Д. Апресян (1995) мен Н.Д. Арутюнова (1999) сияқты ғалымдар тілдің семантикасын

зерттей отырып, әрбір сөздің, ұғымның өз мағыналық кеңістігін құрайтынын көрсеткен. Олар тілдің әлемді бейнелеудегі рөлін, сөздердің мағыналарын айқындауда мәдени және әлеуметтік факторлардың ықпалын зерттеген. Осы тұрғыда, тіл мен мәдениеттің бір-біріне әсері туралы қазақ ғалымдары. Когнитивті лингвистика саласында адам санасының тіл арқылы қалыптасуы мен әлемді қабылдауының теориясы маңызды орын алады. А. Вежбицкая (1996) сияқты ғалымдар тілдің когнитивті құрылымдары мен концептуалдық жүйелерін зерттей отырып, тілдің адамның ойлау тәсіліне, әлемді қабылдауына қалай әсер ететінін көрсеткен. Бұл зерттеулердің негізінде метафоралар мен бейнелі тілдің, сондай-ақ, ассоциативті талдау әдісінің маңызы айқындалады. Когнитивті лингвистика, әсіресе, метафораның тіл мен ойлау арасындағы байланысын көрсетіп, адам миының құрылымы мен тілдің тығыз байланысын зерттеді. Джордж Лаккофф пен Марк Джонсонның (2004) «Metaphors We Live By» атты еңбегі осы мәселенің маңыздылығын дәлелдеді, өйткені олар метафораларды ойлау мен күнделікті өміріміздің негізі ретінде қарастырды. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсіну үшін лингвомәдениеттану саласы да маңызды. Бұл сала тілдің ұлттық мәдениетпен, дәстүрмен және дүниетаныммен байланысын зерттейді. В.И. Карасик (2002) сынды ғалымдар тілдің мәдени кодтарын, әлеуметтік белгілерін және ұлттық ерекшеліктерін талдауда үлкен үлес қосты. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол қоғамның көзқарастарын, құндылықтарын, дүниетанымын білдіретін жүйе болып табылады. Тілдің мәдениетпен тығыз байланысы туралы зерттеулер қазақ тілінде де жүргізілуде.

Лингвоконцептология тілдің концептуалды негіздерін зерттеуге бағытталған. Бұл сала тілдің концептуалдық құрылымдары мен мәдениет арасындағы байланысты зерттейді. А. Вежбицкая (1996) мен С.Г. Воркачевтің (2001) еңбектері тіл мен мәдениет арасындағы концептуалды ерекшеліктерді ашуға бағытталған. Олар тілдің әр ұлттың дүниетанымын қалай бейнелейтінін қарастырып, ұғымдар мен метафоралардың мәдени және когнитивтік негіздерін талдайды.

Түркітану саласында түркі тілдері мен мәдениеттерінің өзара байланысы мен дамуын зерттеген ғалымдардың еңбектері ерекше маңызға ие. Түркі тілдерінің семантикалық құрылымдары мен фразеологиялық жүйелері түркі халықта-

рының мәдениетіне, тарихына, дүниетанымына үлкен ықпал етті.

Қорыта айтқанда, тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланысты зерттеу тіл білімінің түрлі бағыттарында маңызды орын алады. Семантика, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, мәдениетаралық коммуникация және лингвоконцептология сияқты бағыттар тілдің мәдени контекстін, әлемді қабылдаудағы рөлін және әр ұлттың тіліндегі ерекшеліктерді зерттейді. Бұл зерттеулер тілдің қоғам мен мәдениетке әсерін, сондай-ақ, тіл арқылы ұлттық дүниетанымының қалай қалыптасатынын түсінуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау

Ассоциативті әдіс белгілі бір этностың психикалық және сезімдік тәжірибелерін біріктіретін сана бейнелерінің, соның ішінде мәдениет пен тілге тән «ассоциативті профильдің» қалыптасуын көрсетеді (Уфимцева, 2001: 65). Ассоциативті эксперименттердің негізгі үш түрі бар: еркін ассоциативті эксперимент, бағытталған ассоциативті эксперимент және тізбекті ассоциативті эксперимент. Әр түрдің өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары бар, бұл олардың әртүрлі зерттеу мақсаттарына бейімделуіне мүмкіндік береді. Еркін ассоциативті экспериментте респондент ынталандырушы сөзге бірінші болып келген кез келген жауапты береді, оған ешқандай шектеулер қойылмайды. Бұл әдістің басты ерекшелігі – жауаптың еркіндігін қамтамасыз ету. Бағытталған ассоциативті экспериментте белгілі бір шектеулер енгізіледі, мысалы, экспериментатор сөздердің белгілі бір тобын немесе жауаптардың нақты санын көрсетуін сұрай алады. Тізбекті ассоциативті экспериментте де шектеулер жоқ, бірақ ол белгілі бір ретпен берілетін реакциялармен сипатталады.

Еркін ассоциативті эксперимент алғаш рет XIX ғасырдың соңында, ағылшын психологы Фрэнсис Гальтонның жетекшілігімен эксперименталды психология және психодиагностика саласында қолданылды. Эксперимент нәтижесінде алынған ынталандырушы сөздің ассоциативті өрісі экспериментатордың әлемге деген жалпы көзқарасының бір бөлігі ретінде қарастырылады. Мұндай бөлшектерді жинақтай отырып, толық бейнемен тілдік сананың құрылымын қалыптастыруға мүмкіндік туады. Ассоциативті экспериментті қолданудың концептуалды және әдіснамалық негізі, яғни әрбір нақты сөзге қа-

тысты ассоциацияларды зерттеу, табиғи тілдің ассоциативті өрісін құру жолында құрылымдық-лексикографиялық қана емес, онтологиялық тұрғыдан да маңызды болып табылады.

Тақырыбымыздың өзектілігін ашу мақсатында зерттеуімізде ассоциативті әдісті қолданып эксперимент жүргіздік. Ассоциативті эксперимент әртүрлі жас аралығындағы, тілі қазақ, ана тілі мен ұлты қазақ респонденттер іріктелініп алынды. Іріктелініп алынудың бірден-бір себебі зерттеу жұмысымыздың нәтижелерінің анық әрі нақты болуын қамтамасыз ету.


Ең алғашқы сұрақ ретінде жалпылама сұрақ алынды. Ол: «Сіз үшін баспананың маңызы неде?» сұрағы. Сауалнама нәтижелеріне талдау жасау барысында баспананың маңыздылығын 1) физикалық қорғаныш, 2) менталды қорғаныс сынды тақырыптық топтарға бөле аламыз. Мәселен, «пана» – парсы сөзі, қорғау мағынасында келеді. Баспана да адамның басын басқалардан, табиғи жағдайлардан қорғау үшін жасалынған сәулет тұрғысында танымал. Бүгінгі баспаналардың да негізгі қызметі сол бізді бөгде адамдардан оқшаулау, табиғат қолайсыздықтарынан сақтау. Респонденттер жауаптарының 17% -ы да дәл осы мағынасында өз жауаптарын ұсынғанын көре аламыз. Дәл сол секілді, баспананың менталды қорғанысын, адамның психологиялық тыныштығын сақтайтын маңызды фактор екенін аңғаруға болады.

Бұл тұрғыда баспананың маңызы тек үй-жай емес, ол – адамның жеке кеңістігі, отбасылық өмірдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін орта ретінде түсініледі. Адамның ішкі жай-күйінің көрінісін, тыныштық, жылулық, бақыт сынды анықтамалардан көрінеді. Мәселен, баспанадағы тыныштық, баспананың болу маңыздылығы, баспаналы болудың бақыты мен жылудың болуы. Жоғарыда аталған сипаттардың барлығы толыққаннан кейін баспананы Отанмен теңестіре отырып бағалауды байқаймыз. Қазақ қоғамында баспананың маңыздылығын қауіпсіздік пен ыңғайлылық және тыныштық пен бақыт сыйлауында.

Бүгінде баспана ұғымы адамның әлеуметтік мәртебесін, әл-ауқатын білдіретін көрсеткішке де айналады. 11% респондент баспананың қоғамдағы орын мен тұлғаның статусы тұрғысынан маңыздылығын атап өтеді. Бұл пікір баспана тек материалдық қажеттілік қана емес, әлеуметтік тұрғыдан да маңызды екенін көрсетеді. Баспана ұғымының мәдени және тарихи тұрғыда да терең мағынаға ие екенін байқауға болады. Қазақ халқында баспана туралы түсінік тек материалдық құндылық ретінде емес, ол ұлттық салт-дәстүрмен, отбасының бірігуімен және ұрпақ жалғастығымен байланысты. Респонденттердің жауаптарынан баспана – адамзаттың үйі, яғни ұрпақтан ұрпаққа өтетін мұра ретінде қарастырылатындығын байқауға болады.



1-сурет – Баспананың маңыздылығы



2-сурет – Баспананың ассоциациялануы

Жүргізілген ассоциативті эксперименттің нәтижелері қазақ тілінде «баспана» концептуалды өрісінің келесі құрылымын жобалауға мүмкіндік береді:

Эксперименттің нәтижесі бойынша алғашқы төрттік саралап қарайтын болсақ, бірінші орында отбасы 21%-ды құрайды. Баспана ұғымы тек жеке дара адамға ғана қатысты емес, топтасқан, қандас адамдардың бірлесе мекен ететін орны, отбасылық үя екендігін көрсетеді. Қазақ қоғамында отбасы тек биологиялық қатынасты білдірмейді, сонымен бірге мәдени, рухани байлық, тәрбие мен ұлттық құндылықтарды жеткізуші басты мекен болып табылады. Қазақ халқы үшін отбасы – бұл тек қана туыстық байланыстар емес, сонымен қатар рухани және әлеуметтік тірек. Қазақтың ұлттық болмысында үй – жайлы орта, шаңырақтың тірегі, ұрпақтар сабақтастығы мен ата-бабаның рухы сақталатын орын болып есептеледі. Респонденттердің төрттен бір бөлігі баспананы өз отбасыларымен тікелей байланыстырады. 20 % көрсеткішпен «үй» ассоциациясы екінші орында қарастырылып отыр. Үй сөзі де түркі тілдерінде ертеден қолданылып келе жатқан сөз. Көне түркі жазба нұсқаларында үй сөзі адам тұратын баспана дегенді білдірген. Сөздің бастапқы тұлғасы оба/обак болса керек. Сайып келгенде баспана атауының синонимдік мағынасы ойға оралып тұр.

Баспана адамның өміріндегі бақыттың, жайлылықтың, психологиялық тепе-теңдіктің көзі

болып табылады. Осы пайымдаулардың көрінісі ретінде халықтың көпшілігі үйін жайлы, жылы, қорғаныш ордасы ретінде көреді. Әсіресе қазіргі кезде, адамның өмірі мен денсаулығының деңгейі көбінесе оның тұрмысына байланысты екені айтылуда. Бұл «жайлы» ұғымы нақты физикалық жайлылықпен ғана емес, рухани жайлылықпен де байланысты болуы мүмкін. Қазақта «жылы орын» деген түсінік бар, бұл үйдің неғұрлым жайлы, тыныш әрі қорғаныш сезімін тудыратын орынды білдіреді. «Қуаныш» (5%) сөзі негізінен «отбасы» және «бақыт» ұғымдарымен тығыз байланысты. Қазақ халқының дәстүрінде үйге қонған қуаныш – бұл отбасындағы балалардың, ата-ененің және жалпы туыстардың бірлігі мен қарым-қатынасындағы қуаныш. Бұл да қазақ мәдениетінде үйдің тек физикалық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік тұрғыдан да маңызды екендігін көрсетеді.

Сан жылдар бұрын қазақтар мекен еткен киіз үй мен қатар заман талабына сай, адамның тұрмыс-тіршілігі, өмір салты мен мекенінің өзгеруіне байланысты пайда болған баспананың пәтер және коттедж сынды түрлері де кездеседі. «Коттедж» (7%) мен «Пәтер» (9%) сөздері қазіргі заманның құрылыс мәдениеті мен урбанизация процесіне қатысты. Бұл сөздер Қазақстанның қала өмірі мен кеңес дәуіріндегі пәтерлік жүйенің өзгергенін, бүгінгі күнде жеке меншік үйлер мен заманауи қала тұрғындары үшін жаңа құндылықтар мен өмір стилі қалыптасқанын көрсе-

теді. Дегенмен, «пәтер» ұғымы қаладағы көпқабатты үйлердің орнығуын білдірсе, «коттедж» ұғымы жеке, «жоғары деңгейдегі» өмір салтын, бақша мен кеңістікті қалау мен қала сыртындағы өмірді көрсетеді. Бұл деректердің статистикалық маңыздылығы – қаланың қарқынды дамуымен қатар, қазақ халқының да өмір деңгейінің көтерілгенін, жаңа тұрғын үй мәдениетіне деген қызығушылығын білдіреді.

«Шаңырақ» (3%), «Ыстық тамақ» (3%) және «Киіз үй» (3%) сөздері қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен тұрмысына қатысты маңызды элементтерді көрсетеді. «Шаңырақ» ұғымы қазақта терең мағыналы: отбасының, ұрпақтың, ата-баба дәстүрінің символы. Осы сөздің 3%-дық үлесі осы ұғымның бүгінгі күнде де өз маңызын жоғалтпағанын білдіреді. «Ыстық тамақ» (3%) қазақ халқының дастархан басындағы міндетті отбасылық дәмді ас ішу мәдениетінен бастап қонақжайлылығынан да ақпарат беріп тұр. «Киіз

үй» (3%) дәстүрлі өмір салтында толық сақталмағанымен, санада кодталып қалғаны көрінеді.

6 % маңыздылық сөзі адамдардың бапаналы болуы не болмауы, оның жайлылығы мен сол жерде тұратын адамдардың барлығының рөлінің маңыздылығына назар аударатындықтарын көрсетеді. Отбасы тақырыбымен ұштасатын менталды құндылықтар мен жайлылықтың қатарынан жайлылық пен бақыт сынды адамның эмоциясын білдіретін жеке көңіл-күйлері мен әр адамның танымында өзі бағалайтын өлшемдерді қамтыды.

Баспана атауының санадағы көрінісін жоғарыдағы талдаулар мен төмендегі топтастырулар бойынша тұжырымдайтын болсақ, баспана отбасымен бірге тұратын қауіпсіз, үйдің пішіні сенің қалауың мен мүмкіндіктеріңнің шеберінде таңдалатын жайлы іші бақыт пен қуанышқа толы, адамға тыныштық сыйлайтын сырттан келгенде қарын тойдырар ыстық тағамы бар мекен.

1-кесте – Баспана атауларының санадағы көрінісі

Баспана	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
	Отбасы	Үй	Жайлы	Бақыт	Пәтер	Коттедж	Маңызды	Қуаныш	Киіз үй	Шаңырақ	Ыстық тамақ

Ассоциативті эксперимент барысында қазақ тіліндегі *қос, кепе, басын буган үй, балшық бітеу үй, жолым үй, сарай, тошала үй, , киіз үй* баспана атауларын ұсынған болатынбыз.

Қос, ақ қос – Жорыққа арналған киіз үй «Абылайша» деп те аталған.

Кепе – «Уақытша баспана, лашық».

Басын буган үй – «Дәстүрлі жиі кездесетін үйлердің бірі».

Балшық бітеу үй – «Шаңырақсыз киіз үйді атайды. Кедей-кепшіктердің шаңырағы жоқ болған жағдайда немесе дауыл кездерінде бүлініп, жоғалған кездерде басын буып жасалатын киіз үйдің түрі. Бірақ көлемі шағын болады. Жаугершілік кездерде де көптеп қолданған».

Жолым үй – жолда жүруге арналған үй.

Сарай – 1. «Әсем де салтанатты, ерекше гимарат, зәулім құрылыс, үй». 2. «Көп бөлмелі етіп салынған үлкен үй». 3. «Мал және астық, шөп, құрал-сайман, әр түрлі заттарды қоятын жай, құрылыс».

Тошала үй – пішіні киіз үйге ұқсас, көне отырықшылық баспаналардың түрі. Қыстаудың алдынан төрт қанат киіз үй ұқсатып бірнеше тошала салғызыпты.

Киіз үй – «Киізден жасалған үй»

Экспериментке қатысушылардың жауаптарына талдау жүргізу арқылы қазақ тіліндегі *қос, кепе, басын буган үй, балшық бітеу үй, жолым үй, тошала үй* баспана атауларының көнерген сөздердің қатарына енгендігін, күнделікті қолданыстан шыққандығын осы баспана атауларын оқығанда, я болмаса естігенде (барлық жас бойынша) ешқандай картинаның пайда болмауы дәлел бола алады. Дегенмен, *қос, басын буган үй, балшық бітеу үй* сынды баспана атауларының атауына қарап, түспалдап жауап берген қатысушыларды байқаймыз. Себебі, атаулар баспананың құрылысына қатысты іс-қимылмен, баспананың құрылысында қолданатын материалдармен аталғандықтан, экспериментке қатысушылар түспалдап

баспана атауына қатысты жанама картиналарды берген.

Екінші назар аударатын құбылыс *сарай* атауының негізгі мағынасы кеңейіп басқа сөздермен тіркесе отырып, басқа пана болатын атауларының пайда болғандығын көреміз. Мысалы: сарай атауы сөздікте ир.зат. 1. Әсем де салтанатты, ерекше ғимарат, зәулім құрылыс, үй. 2. Көп бөлмелі етіп салынған үлкен үй. 3. Жолаушылар тоқтайтын қонақ жай. 4. Мал және астық, шөп, құрал-сайман, әртүрлі заттарды қоятын жай, құрылыс. 5. Төбесі жабық базар [sozdikkog.kz]. Түсіндірме сөздіктегі кең, жарық, үлкен, әсем мағынасымен бірге қолдану мақсатына қарай атаулардың тіркесуінен *мәдениет сарайы, спорт сарайы, керуен-сарай, неке сарайы, мәнет сарайы, студенттер сарайы* сынды атаулардың қолданылып жүргенін байқай аламыз. Түсіндірме сөздіктегі мал және астық, шөп, құрал-сайман, әртүрлі заттарды қоятын жай, құрылыс мағынасының әлі күнге дейін ауылды және қалалы аймақтағы жеке меншік үй тұрғында-

рының қолданысында талқыланған зәулім, кең, әсем мағынасына антоним ретінде қажет емес заттарды қоятын кішкентай, тар, әрленбеген құрылыс орны ретінде жиі қолданатындығына көз жеткіздік.

Киіз үй атауына байланысты жүргізілген ассоциативті эксперимент нәтижелерін үш топқа бөліп қарастырдық. Мәселен, бірінші топ киіз үй атауын тұтас қазақ халқымен, қазақылықпен, бірлікпен, жайлаумен, көшпенділікпен, ата-бабамыздың өмір сүру салтымен байланыстырып, қазақты танытатын құрал ретіндегі ассоциациялар. Екінші топқа киіз үйдің шаңырақ, кереге, киіз, уық, алаша, жастық, көрпе сынды бөлшектерін топтастыруға болады. Үшінші топ қазіргі замандағы киіз үйдің негізгі қөші-қонға ыңғайлы болған жылжымалы ұлттық баспана функциясының төмендеп, қолдануына қарай мерекеде, жиын тойларда, садақа, құдайы тамақ беру кездерінде ғана қолданылатындығын көрсететін ассоциациялар. *Той, наурыз мерекесі, садақа, құдайы тамақ* реакция тудырушы сөздерін дәлел ретінде алдық.



3-сурет – Қазіргі уақыттағы киіз үй функциялары

Экспериментке көне баспана атауларымен бірге қазіргі қолданыстағы *пәтер, тұрғын үй, коттедж, пентхаус, вилла* атаулары ұсынылған болатын. Талдау барысында пәтер атауына, *көп қабатты, тар, шағын және жас отбасы* деген реакция сөздерден бүгінгі таңда мегаполис, қала тұрғындарының алғашқы баспанасының пәтер болатындығын көрсетті. Себебін анықтай келе отбасы мүшелерінің саны, жас отбасының қаржылай мүмкіндігі, пәтердің қалада орналасуы жаңадан шаңырақ көтерген отбасылар үшін ең тиімді баспана түрі деген тұжырымдамаға келдік. Қажетінше қала тұрғындары пәтер бөлмелерін отбасы мүшелерінің санына орай кеңейтіп

отырады. Қала тұрғындарының пәтерде ұзақ жылдар бойы тұрақтап қалуының басты себебін ыңғайлы болуымен түсіндіруге болады. Ал, пентхаус, вилла, коттедж сынды баспана атаулары, *зәулім, әсем, үлкен отбасы және байлықпен* ассоциацияланады. Талдау нәтижесі бойынша мұндай баспаналарда тек қаржылай әлеуеті жеткен отбасылар ғана тұрады, олар «миллионерлер» деген тұжырымның қалыптасқандығын көре аламыз. Көшпенді халықтан отырықшы халыққа айналып, ауыл мәдениетінен өркениетті қала мәдениетін қабылдауымыздың баспана атаулары мен функциясына тікелей әсер еткенін төмендегі таблицалармен көрсете аламыз.

Қала мәдениетіндегі баспана атаулары:	Ауыл мәдениетіндегі баспана атаулары:
<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/> Пәтер	<input type="checkbox"/> Жер үй
<input type="checkbox"/> Тұрғын үй кешені	<input type="checkbox"/> Бақшалы үй
<input type="checkbox"/> Мөлтек аудандар	<input type="checkbox"/> Саманнан жасалған үй
<input type="checkbox"/> Сарай	<input type="checkbox"/> Киіз үй
<input type="checkbox"/> Коттедж	<input type="checkbox"/> Мәдениет сарайы, клуб
<input type="checkbox"/> Пентхаус	<input type="checkbox"/> Спорт сарайы
<input type="checkbox"/> Вилла	<input type="checkbox"/> Кепе
	<input type="checkbox"/> Қора

4-сурет – Баспана атауларының қала және ауыл мәдениетіне қарай топтастырылуы

Тілімізде баспана атауларына байланысты қолданылатын фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер де жеткілікті. Мұндай тілдік бірліктер баспананың қазақ халқы үшін маңыздылығын тек арттырады. Бірнешеуін келтірер болсақ:

- Туған үйдің түтіні жылы, туған ананың күтімі жылы.
- **Үй** баласымен базарлы, қонағымен ажарлы.
- **Үйде** бір күн ұрыс болса, қырық күндік ырыс кетеді.
- **Үйі** бірдің күйі бір.
- **Үйі** жоқтың көңілінде алтын сарай жүреді.
- **Үйің** жаман болса, күйің жаман.
- Босағаң төрдей болсын.
- Біреудің үйін жыға білгенмен тіге білмейсің.
- Киіз үйдің жақсы болмағы ағашынан, ер жігіттің жақсы болмағы нағашыдан.
- Жақсының күнде бір үйі кеңиді, жаманның күнде бір үйі кемиді.

Сонымен қатар, баспана атауларының бөлшектеріне қатысты да тұрақты тіркестер жеткілікті. Мәселен, *босаға, есік, кіре беріске* байланысты. «босаған берік болсын», «есіктегі басы төрге жетті», «босағасын аттады» «шаңырағың шайқалмасын» т.б. Міне осы мысалдар арқылы да адам баласы пайда болып, өсіп-өрбу кезеңдерінде басты керекті қорғанышы, панасы болған баспананың маңыздылығын және сол маңызды деп танылған баспана атауларының жиналып, талданып, саралануы тұтас халықтың өмір салты мен танымынан хабар беретін үлкен өзекті бағыт.

Қорытынды

Ассоциативті эксперимент барысында зерттелген ең алғашқы сұрақтың бірі «Сіз үшін баспананың маңызы неде?» болды. Бұл сұрақтың жауабында респонденттер баспананың маңыздылығын ең алдымен оның қорған болу қасиетімен байланыстырады. Бастың амандығы және де жеке бастың ғана амандығы, саулығы емес түгелдей отбасының амандығы екендігін көрсетеді. Себебі баспананың іші сүйікті отбасы мүшелерімен толғуының жазылмаған заңдылық. Яғни, баспананың ішкі ортасы – бұл отбасы мүшелерінің үйлесімді өмір сүретін, бір-біріне қолдау көрсететін, сүйіспеншілікпен толы орын. Осындай эмоционалды атмосфера мен қорғау сезімі адам санасындағы баспана ұғымының басты белгілерін құрайды. Респонденттер жауаптарынан бұл ұғымның «отбасы» сөзімен тығыз ассоциацияланады айқын көрінеді.

Зерттеу нәтижелері бойынша, баспана атауы ең алдымен қандай сөздермен ассоциацияланады десек көштің басын тағы да отбасы ұғымы тұр. Яғни, отбасы мен баспана егіз ұғым деп айта аламыз. Баспана ұғымымен қатар қолданылатын үй сөзі де адамдардың бүгінгі таңдағы қолданысынан хабар береді. Тағы бір назар аударатын дүние респонденттердің арасында адамдардың арасындағы баспана сөзімен байланысты эмоциялардың барлығы жағымды эмоциялармен ғана байланысты. Бұдан шығатын қорытынды адамдардың отбасындағы жайлылық пен есте қалар жағымды эмоцияларды бастан кешіруге тырысатындығын көрсетеді. Адамзаттың табиғаты да сол баспанасында, жайлы ортада отбасымен бақытты ғұмыр кешу.

Қазіргі заманғы тілдік және мәдени өзгерістерді ескере отырып, біз баспана атауларындағы кейбір өзгерістерді де байқадық. Мәселен, қала мәдениетінің дамуына байланысты пәтерлер, көпқабатты үйлер сияқты жаңа баспана түрлерінің танымалдығы артты. Бұл өзгеріс өз кезегінде жаңа тілдік құрылымдардың пайда болуына алып келді. Атап айтқанда, пәтер тұруының тиімділігі мен қол жетімділігі жас отбасы үшін баспана ұғымын жаңа жағынан көрсетеді. Ал, дәстүрлі киіз үйлердің бүгінгі күнде тек баспана ретінде ғана емес, мәдени және тарихи мағынада да қолданылуы баспана ұғымының эволюциясын көрсетеді. Киіз үй бұрын тек баспана қызметін атқарса, қазіргі таңда оның символдық, ұлттық мәдениетпен байланысты қосымша мағыналары бар.

Сонау замандардан бастап өзгеріске ұшыраған өмір салтымыз да тілімізден көрініс тапқанын сауалнама нәтижелері арқылы көз жеткізіп, кей баспана атауларының көнергендігін және де жаңа баспана атауларының пайда болғандығына көз жеткіздік. Мысалы, қазіргі таңда қала мәдениетінде пәтерлерде тұру кеңінен таралып және олардың жас отбасы үшін тиімді нұсқа екендігін білсек, киіз үйлердің бүгінде баспана қызметінен басқа да қосымша мағыналарға ие болғанын көрдік.

Зерттеу барысында баспана ұғымының тілде кеңінен қолданылатын мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерде көрініс тапқаны да айқындалды. Мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердің көпшілігінде баспананың адамның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыратын, оның бақытты өмір сүруінің негізі болатын орын ретінде сипатталатыны байқалады. Бұл да өз кезегінде тіл мен мәдениетте баспана ұғымының маңызды орын алатындығын көрсетеді. Мысалы, «үйіңнің бақыты – өз қолыңда», «үй – отбасылық құндылықтардың тірегі» сияқты тіркестер баспананың тек физикалық қана емес, психологиялық және әлеуметтік рөлін де айқындайды.

3-кесте – Баспананың тілдік санадағы көрінісі

<i>Баспана</i>	<i>Өмір = қорғаныс</i>
	<i>Тіршілік = ұрпақ</i>
	<i>Отбасы = махаббат</i>
	<i>Жайлылық = бақыт</i>
	<i>Ең әдемі естеліктер = жағымды эмоция</i>

Қорытындылай келе, ассоциативті эксперимент нәтижелері баспана ұғымының қазақ санасындағы маңыздылығын және оның уақыт өте келе өзгергендігін көрсетті. Баспананың бастапқы функциясы, яғни отбасы мен жеке адамның қауіпсіздігі мен амандығын қамтамасыз ету, сақталып қалды. Алайда, қоғам мен мәдениет дамуымен баспананың түрлері мен оған қатысты ұғымдар да жаңарды. Әрбір жаңа баспана атауы мен тіркесі қоғамның мәдени және тілдік дамуының айқын көрсеткіші болып табылады. Сонымен қатар, баспана мен отбасы арасындағы тығыз байланысты көрсететін тілдік көріністер адамдардың ішкі дүниесі мен әлемге деген көзқарастарының тереңдігін білдіреді. Баспана: өмір-қорғаныс, тіршілік – ұрпақ, отбасы – махаббат, жайлылық-бақыт, ең әдемі естеліктер.

References

- Apresian, U.D. (1995). Izbrannye Trudy. T.1 Leicsicheskaya semantika [Selected works. Vol.1. Lexical semantics]. Moscow. (In Russian)
- Aritunova, N.D. (1999). Yazik i mir cheloveka [Language and the human world]. Moscow. (In Russian)
- Bikenov, A. (2010). Kazakhtyn materialdyk madenieti: Oku kuraly [Material culture of the Kazakh people: a textbook]. Astana. (In Kazakh)
- Vorkachev, S.G. (2004). Scaste kak lingvokulturnyi concept [Happiness as a linguistic and cultural concept]. Moscow. (In Russian)
- Vorkachev, S.G. (2001). Lingvokulturologia, yazykovaya lichnost, concept: stanovlenie antropocentricheskoi paradigm v yazykoznanii [Linguoculturology, linguistic personality, concept: the formation of an anthropocentric paradigm in linguistics]. Lugansk. (In Russian)
- Vostrov, V.V., Zaharova, I.V. (1989). Kazakhskoe narodnoe jilisce [Kazakh national dwelling]. Almaty. (In Russian)
- Vecbitskaya, A. (1996). Yazyk. Kultura. Poznanie [Language. Culture. Cognition]. (In Russian)
- Humboldt, V. (1985). Yazik i filosofia kultury [Language and cultural philosophy]. (In Russian)
- Kolshanskii, G.V. (1990). Obektivnaya kartina mira v poznanii i yazike [An objective picture of the world in cognition and language]. Moscow. (In Russian)
- Karasik, V.I. (2002). Yazikovoi krug: lichnost, koncepty, diskurs [Language circle: personality, concepts, discourse]. Volgograd. (In Russian)
- Kazakhstan. Ul'tyik enciklopediasy (2007). [Kazakhstan. National Encyclopedia]. Almaty. (In Kazakh)
- Kazakh tilinig tusindirme sozdigi (2008). [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. Almaty. (In Kazakh)
- Kazakh adebi tilinig sozdigi (2007). [Dictionary of the Kazakh literary language]. Almaty. (In Kazakh)
- Maslova, V.A. (2006). Vvedenie v kognitivnuu lingvistiku [Introduction to Cognitive Linguistics]. Moscow. (In Russian)
- Maslova, V.A. (2001). Lingvokulturologia [Cultural linguistics]. Moscow. (In Russian)
- Sagyndykuly, B. (2008). Kazirgi Kazakh tili. Leksikalogia [Modern Kazakh language. Lexicalogy]. Almaty. (In Kazakh)
- Esmahanova, A. (1998). Kazakhtyn kiiz uii [Kazakh yurt]. Almaty. (In Kazakh)
- Ufimcova, N.B. (). Sopotavitelnoe issledovanie yazykovogo soznaniya slavyan [A comparative study of the linguistic consciousness of the Slavs]. Voronej. (In Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы – филология ғылымдарының докторы, профессоры, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: turkology.ri@gmail.com);

Дәулет Айгүл Уәлибайқызы – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: aigul.ualibaikyzy@gmail.com).

Information about the authors:

Tuimebayev Zhanseit Kanseitovich – Doctor of philology, professor, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: turkology.ri@gmail.com);

Daulet Aigul Ualibayevna – Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: aigul.ualibaikyzy@gmail.com).

Сведения об авторах:

Түймебаев Жансеит Кансеитович – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан, e-mail: turkology.ri@gmail.com);

Даулет Айгүль Уалибаевна – PhD докторант, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан, e-mail: aigul.ualibaikyzy@gmail.com).

Келіп түсті: 16 сәуір 2024 жыл.
Қабылданды: 1 наурыз 2025 жыл.